www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

№42 /sársenbi/ 23 qazan 2024 ж.


## ҚАЛА ӘКІМІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков Әлем чемпионатының жүлдегері Талғат Орынбасар мен жаттықтырушысы Самат Сапишевті қабылдады.

Кездесу барысында Әлем чемпионатының жүлдегері өзінің алдағы жоспарларымен бөлісіп, қала әкімі тарту еткен алғыс хаты мен арнайы сыйлықтарын қабыл алды.



Айта кетейік, қазан айының 1-6 аралығында Тәжікстан Республикасы Душанбе қаласында өткен дзюдодан жастар арасындағы Әлем чемпионатына 68 елден 541 жас татами шеберлері бақ сынады. ҚР Ұлттық құрама сапында 19 спортшы өз өнерлерін көрсетті.

Оның ішінде Шымкент қаласынының атынан 60 келіге дейінгі салмақта Талғат Орынбасар жарыс жолына шықты.

Жарыс жолындағы жерлесіміздің қарсыластары, Талғат Орынбасар бірінші айналымда бос болды, екінші айналымда Сербия елінің дзюдошысы Матич Жеремикпен кездесіп, вазари ұпаймен жеңді. Үшінші айналымда Қырғыз елінің палуаны Адис Орозмаматовты иппон ұпаймен жеңді. Төртінші айналымда Тәжікстан елінің спортшысы Лойк Кудбудиновқа шидо ескертуімен есе жіберді. Жұбаныш белдесуінде Италия елінің спортшысы Вичензо Манферлоттиді вазари ұпаймен жеңіп, үшінші орын таласта Айзербайжан елінің спортшысы Низами Имрановты вазари ұпаймен қапыда қалдырды. Сөйтіп, Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды.

Сондай-ақ бұған дейін жерлесіміз 2022 жылы Босния-Герцеговина елі, Сараево қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында 55 келіге дейінгі салмақта қола жүлдегер атанса, 2023 жылы Португалия мемлекеті Одивелаш қаласында өткен жастар арасындағы Әлем чемпионатында 60 келіге дейінгі салмақта қола медальді қанағат тұтты. Сонымен қатар, Азия чемпионатының және Кубогының жеңімпазы, ҚР чемпионатының бірнеше дүркін жеңімпазы.

**«Айғақ»-ақпарат.**

## ЖЕМҚОРЛАРДАН ҚАЙТАРЫЛҒАН ҚАРАЖАТҚА МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Жемқорлардың жымқырған қаражатына мектеп салынады. Тәркіленген қаражат арнайы қорға құйылып, білім ұясын салуға бағытталып отыр. Еліміз бойынша екі ғимарат бой көтеретін болса, соның бірі - Ордабасы ауданында. 50 жылдан бері бірде-бір рет жөндеу жұмысын көрмеген «Өнер» мектебі келер жылы жаңармақ.

Темірлан елді мекенінде бір қабатты ыңғайластырылған жайда орналасқан ғимарат ішінде 17 бөлме бар. Жарты ғасыр бұрын асармен салынған өнер ошағының тозығы жетіпті. Каркастан салынған қабырғаға сызат түсіп, ұжым құлап кете ме деген үреймен күн кешуде.

Санитарлық талапқа сай емес, өрт қауіпсіздігі сақталмаған мектепті жаңарту үшін сметалық құжат жасалған. Қажетті қаржы 903 миллионнан асады. Енді сол қаражат жемқорлардан тәркіленген теңгеге салынатын болып шешімін тауып отыр.

Жаңадан бой көтеретін “Өнер” мектебінің жер көлемі 9 гектарды құрайды. 300 орынға шақталып салынатын білім ұясы 2025 жылдың соңына дейін аяқталады деп күтілуде. Жемқорлардың жымқырған қаражатына салынған ғимарат бой көтерсе өнерпаздарға жол ашылмақ.

**Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ.**

## «AGROFEST TЪRKISTAN - 2024» САЛТАНАТЫ

Түркістан қаласында өз несібесін жерден терген, қажырлы еңбектерімен қоғамның әлеуметтік тұрақтылығының нығаюына қомақты үлес қосып келе жатқан Түркістан облысының ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай «AGROFEST TЪRKISTAN - 2024» салтанатты шарасы өтіп жатыр. Бұл күні тұрғындарға ала жаздай ризық-несібесін жерден терген өңір диқандарының 3000 тоннадан астам өнімдері ұсынылды. «Керуен сарай» туристік кешенінде ұйымдастырылған мерекелік шарада асыл тұқымды мал шаруашылығы мен техникалар көрмесі және ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі және Ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтуде.

Ауқымды шараға қатысқан Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды ауыл шаруашылығы техникалар көрмесін көріп, «Тұран су» МКК, «Ветеринариялық қызмет» МКК-на арнайы техникалар табыстады. Ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесін аралап, кол өнер шеберлерінің жұмыстарымен және мал шаруашылығы көрмесімен танысты. Еңбек адамдарына құрмет көрсеткен облыс әкімі ауыл шаруашылығы саласы өкілдерін құттықтады.

– Халықтың әл-ауқатының жоғары болуы – агроөнеркәсіптік кешенінің дамуымен тығыз байланысты. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында облыстың агроөнеркәсіп кешені тұрақты дамып келеді. Түркістан облысы аграрлық саланы дамытуда елімізде жетекші орынға тұрақтаған. Ауыл шаруашылығында еліміздегі жалпы өнім көлемінің 14 пайызы өндіріледі. Биыл 9 айда 747 млрд. теңгеге жуық өнім өндірілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес» деп, бұл салаға ерекше мән береді. Осы тұрғыда, өнімділікті арттыру және жаңа технологияларды ендіру бағытында, біз көршілес Өзбекстан, Қытай және Түркия, Австралия мемлекеттерінің оң тәжірибелерін ендіруіміз қажет. Облыстың табиғи – климаттық қолайлығы, жұмыс күші тұрғысында саланы жан-жақты дамытуға мол мүмкіндіктер береді. Заман көшінен қалмай, біз өрлеу үшін алдымызға ауқымды жоспарлар түзіп, биік межелерді белгілеп отырмыз. Сіздерге адал еңбекпен еліміздің дамуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып жүргендеріңіз үшін құрметпен алғысымды білдіремін. Өздеріңізбен бірге, облыстың аграрлық саласының жаңа бағытта дамуына қол жеткізетіндігімізге үлкен сеніммен қараймын. Өйткені, Түркістан өңірінің еңбекқор елі, құнарлы жері бар. Сіздерді бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, береке мен бірлік тілеймін! Еліміздің игілігі жолында жаңа табыстарға жете беріңіздер. Мереке құтты болсын! - деді Дархан Сатыбалды.

Салтанатты шарада облыс әкімі бір топ азаматты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен марапаттады. Жиында облыстың аграрлық саласының дамуына белсенді үлес қосып келе жатқан озат агроқұрылым басшылары мен өкілдеріне де құрмет көрсетілді.

Сондай-ақ облыстың агроөнеркәсіптік кешенінде даму көрсеткіштерін орындауда алғашқы үштікке енген және негізгі капиталға инвестиция тартуда озат аудан, қала әкімдері облыс әкімінің дипломымен марапатталады. Бірінші орынды қайта өңдеу саласын дамытуда көш бастаған, 13 даму көрсеткіштері бойынша алғашқы орынға шыққан, жалпы өнім көлемі 108,7 млрд. теңгені құрап, нақты көлем индексі 129,8 пайызға жетіп, облыстық көрсеткіштің орындалуын қамтамасыз еткен Сайрам ауданы әкімдігі жеңіп алды. Екінші орынды Қазығұрт ауданының еңбеккерлеріне бұйырса, үшінгі орынға Жетісай ауданы лайық деп танылды.



«AGROFEST TЪRKISTAN - 2024» мерекелік іс-шарасы Қазақстанның жарық эстрада жұлдыздары «Мұзарт» тобы, Қайрат Нұртас және Мирас Жүгінісовтың қатысуымен кешкі гала - концертпен жалғасатын болады.

Айта кетейік, Түркістан облысында бұл салада мақта кластерін дамыту, Австралия тәжірибесі негізінде ет кластерін құру, Жібек шаруашылығын дамыту, субтропикалық жылыжай шаруашылығын ұлғайту, қайта өңдеу саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру көзделген. Алдағы 5 жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 2,2 есе арттыру көзделген.

Облыста 80 мыңға жуық агроқұрылымдар жұмыс жасайды, бұл республикалық көрсеткіштің 31 пайызы. Өңірімізде 1 млн. ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайы ауыл шаруашылығына тікелей қатысты. Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына тартылған инвестициялар 1,6 есеге дейін артып, 148 млрд. теңгеге жетті. Қайта өңдеу көлемі 94 млрд. теңгені құрады. Ет экспорты бойынша облыс – еліміздің көшбасында келеді. Экспортқа шығарылатын ірі қара мал етінің – 80 пайызы, ұсақ мал етінің – 75 пайызы Түркістан облысының үлесінде.

Биыл облыста ауыл шаруашылығының әлеуетін арттыруда кешенді шаралар қабылданды. Мемлекет басшысы Үкіметке ең алдымен, суды үнемдейтін озық технологияны енгізу ісін тездетіп, оны қолдану аумағын жыл сайын 150 мың гектарға дейін кеңейтуді тапсырып отыр. Осы тұрғыда, облыста су үнемдеу технологияларын жаңадан 17 мың гектарға ендірілді. Технологияның қол жетімділігін арттыру үшін, 3 жергілікті зауыт іске қосылды. Мемлекет тарапынан су үнемдеу технологияларын ендіру шығыстарының 80 пайызын субсидиялау жүргізуде.

Бұл салаға жаңа технологияларды ендіруге басымдық берілген. Биыл ағын суды, энергияны, еңбек ресурстары мен минералды тыңайтқыштарды үнемдей отырып, жаңа технологиямен 2 мың гектарға егілген мақта дақылы 60 центнерден өнім алуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл облыстың орташа көрсеткішінен 2,5 есеге жоғары. «ҚазАгроҚаржы» Акционерлік қоғамының жылдық 5 пайыздық қол жетімді лизингтік бағдарламасы іске қосылды. Нәтижесінде, 9 айда жаңадан 1 603 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынып, облыстағы техникалар паркі 6,3 пайызға жаңаланды. Бұл жұмыстар жалғасын табатын болады.

Өңірдегі су нысандарының құрылысын «Ислам даму банкі» арқылы қаржысын тарту есебінен жүргізу келісілді. Бірінші кезеңге құны 73,6 млрд. теңгеге 14 жоба қаржыландырылады. Құрылыс жұмыстары 2025 жылы басталады. Нәтижесінде, 166 шақырым канал бетонмен қапталып, 53,3 мың гектар суармалы жерге су жеткізетін болады. Екінші кезеңге 2025 жылға 23 нысанға жобалық сметалық құжаттамалар әзірленуде. Жобалардың болжамды құны 120 млрд. теңгені құрайды. Сонымен қатар коммуналдық меншіктегі 11 су нысанын «Қазсушар» республикалық мекемесі теңгеріміне беру арқылы «Ислам даму банкімен» қаржыландырылады. Нәтижесінде, 151 шақырым канал бетонмен

## ҰЛТЫМЫЗДЫ ШАМШЫРАҒЫ



Ұлттық құндылықтарға негізделген мектептің мәдени ортасын құру мақсатында №135 жалпы орта білім беретін мектебінде тәжірибе алмасу семинары ұйымдастырылды. Сонымен қоса, Қазақстан Республикасының Халық жазушысы Мұхтар Шахановқа арналған арнайы кабинет ашылды.

Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Ұлттың қорғаны – бұл біздің ұлттық болмысымызды көрсететін тіліміз, дәстүріміз және рухани мұрамыз. Осы мақсатты алға қоя отырып, №135 мектепте «Ұлттық құндылықтарға негізделген мектептің мәдени ортасын құру: ізденіс және тәжірибе» атты қалалық мектеп директорларының тәжірибе алмасу семинары өтті. Білім ошағының құрылғанына биыл 4 жыл болған. Бүгінде мұнда 2600 оқушыға, 250 ұстаз білім береді.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Сол жолда келер ұрпақ үшін де ата-ананың орны айрықша. Мұндай семинарлар мен жиындарға жиі қатысамыз деген аналар, салт-дәстүрді бала бойына сіңіру басты міндетіміз дейді.

Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына дейді қалалық мектеп ұстаздары. Сондай-ақ, қонақтар мектепте өткізілген семинарлар, мұндағы ұстаздар мен білім алушылардың ұлттық киім кию үлгілеріне ерекше тоқталды.

Айта кетейік, руханиятқа толы болған күнде еліміздің халық жазушысы, драматург Мұхтар Шахановқа арнап білім ошағында арнайы музей мен ақынға кабинет ашылды. Мұхтар Шаханов 1942 жылы Отырар ауданында дүниеге келген. Елімізге еңбек етіп, ақындық жолында халыққа қызмет еткен жазушы бүгінде 82 жаста. Ақын шығармаларын әртүрлі тақырыпта жазады. Ғашықтық ғаламатында біреуді бақытқа бөлеп, біреуді мұңға батырған махаббаттың құдіреттілігін баяндайды.

Серт пен сөзге ұмытшақтау өлкеде
Ғашық болып өлу — қандай мәртебе!

— деу арқылы адам баласының өмірдегі мақсатын баян еткендей болады.

Сонымен қоса, мектепте Мұхтар Шаханов еңбектеріне арнап арнайы іс-шара өткізілді. Білім ошағының оқушылары ақынның өлеңдерінен үзінділер оқып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

**Гүлнұр ЕРКІНҚЫЗЫ.**

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ МАЫЗЫ

Қаржылық сауаттылық бүгінгі күннің негізгі өзекті тақырыптардың бірі. Ал, халықтың осы тұрғыдан сауаттылығын арттыруда іскерлік журналистика маңызды рөл атқарады. Осы мақсатпен мегаполисте «Түркітілдес журналистер қоры» қоғамдық қорының бастамасымен және «Halyk Bank» акционерлік қоғамының серіктестігімен "Іскерлік журналистика: қаржылық сауаттылық" атты семинар-тренинг өтті. Онда цифрлы қоғамдағы жаңашылдықтар, қаржылық және құқықтық сауаттылық бойынша сала мамандары тәжірибесімен бөлісті. Журналистердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында өткен тренингте ақпарат саласының өкілдері білікті мамандардан жасанды интеллект деген не, оны іскерлік журналистикада қалай қолдануға болады және басқа да сауалдарға жауап алды. Ал, «Halyk Bank»-тың қызметкерлері «Интернеттегі алаяқтық. Алдын алу жолдары» тақырыбында баяндама жасап, алаяқтарға алданып қалмау, егер азаматтар мәселеге тап болса оны қалай шешуге болатыны жөнінде масс-медиа өкілдеріне ақпарат берді. Басқосуда сондай-ақ әрбір салаға дендеп еніп, өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып келе жатқан алгоритмдік жүйенің бірі -жасанды интеллектінің заманауи әлемдегі алатын орны мен рөлі туралы айтылды. Яғни, тренингте постер жариялау, афиша дайындау, инфографика құрастыру, фотоколлаж жасау, сурет салу және ашық дереккөздермен жұмыс жасауды да үйренді. Тіпті, аудио (дыбысты тазалау) және бейнемонтажға арналған «Chat GPT», «Gemini» секілді заманауи бағдарламаларды қолданып, олармен жұмыс жасады. Дәл қазіргі уақытта жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен ауқымы кеңейіп келеді. Жасанды интеллектінің негізі – дерек. Ол кез келген ақпаратты қабылдап, сараптап, қорытынды шығара алады. Ал адам миы бір уақытта көптеген ақпараттарды бір мезетте сақтай алмайды. Бұл жерде жоғарыда айтып өткен бағдарламалардың бірі ChatGPT-дің, жасанды интеллектте алатын орны ерекше. ChatGPT-нің де артықшылығы – дерек қорының молдығында. Ондағы деректер көбейген сайын алгоритмнің жұмысы жақсара түседі. ChatGPT чатботтың соңғы нұсқасы мәтінмен де, суреттермен де жұмыс істей алады.

Қазір ақпарат құралдары жаңа цифрлық технологияларға көшуде. Бұрынғы дәстүрлі тәсілдерден бөлек, әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшалар арқылы жедел ақпарат тарату басымдыққа ие болды. Сондықтан ақпарат қызметкерлері технологиялардың жаңа жолдарын меңгеруге кірісті. Телеарналар мен сайттар жаңа әлеуметтік медиа арқылы да тұтынушысына жаңа қызметтер ұсына бастады. Қазіргі таңда цифрлық технологияларды меңгерген журналист мамандарға деген сұраныс арта түсуде. Демек, жасанды интеллект адам баласының күнделікті өміріне және сала өкілдеріне әбден сіңіп үлгерді десек те болады.

Жалпы "Іскерлік журналистика: қаржылық сауаттылық" атты семинар-тренингте Шымкенттік масс-медиа өкілдері жасанды интеллектті іскерлік журналистикада қалай пайдалануға болатынын тәжірибе жүзінде көрді және үйренді. Қоғамдық қордың президенті Нәзия Жоямергенқызының айтуынша бұл семинар-тренинг еліміздің 6 өңірінде өтеді. Аталған семинарлар тізбегі Атырау, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе, Ақтауды қамтиды. Түркітілдес журналистер қорының Қазақ тілді журналистердің аудиториясына ұйымдастырған бұл семинары кәсіби біліктілікті арттыруға мол мүмкіндік берді.

## ҰСТАЗДАР ТІЛ БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСТЫ

«Мемлекеттік тіл - Тәуелсіздік символы». Дәл осы тақырып аясында Шымкент қаласында байқау өтті. Ұлағатты ұстаздардың арасындағы сайыстың мақсаты қазақ тілін, ұлттық құндылықты насихаттау. Өзге ұлт өкілдерінен құралған мұғалімдер арасында өткен бұл сайыс үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезең - "Жұлдызды сәт" деп аталады. Бұл кезеңде қатысушылар өнерін көрсетіп, көрерменнің құрмет қошеметіне бөленді, ал екінші кезеңде өнерпаздар Отан, ел, туған жер туралы мақал- мәтелдерді жалғастырды. Шешуші кезеңде мұғалімдер салт-дәстүр, белгілі тұлғалар жайлы сұрақтарға жауап берді.



Қатысушы Мафтуна Сейдова: «Бұл менің алғашқы қатысқан байқауым. Қазақ тіліне деген құрметім ерекше. Сайысқа қатысу себебім қазақ тілін қаншалықты дәрежеде білетінімді тексеріп, қазақ халқына деген ерекше ықыласымды көрсету»,- деді.

Аталмыш додада отыз қатысушыдан іріктелген он төрт қатысушы бақ сынады. Қатысушыларға қолдау көрсетуге жақындары келді. Бұл сайысқа өзге ұлт өкілдері де келіп бақ сынады.

Қатысушы Мунира Ашимова: «Мен бұл сайысқа қатысатын кезде қатты қуандым. Қазақстанда өмір сүрген соң ұлтым өзбек болсада бұл сайысқа қатысып қазақ тіліне құрмет көрсету керек екенін айтқым келеді. Біз ұстаз болған соң көп ізденіп ,білімді болуымыз керек. Сондай-ақ, тіліміз анық әрі құлаққа жағымды болса тыңдайтын оқушығада жағымды. Ал мен үшін қазақ тілі ерекше, құрметке лайық тіл. Қарсыластарыма сәттілік тілеймін»,- деп өз әсерімен бөлісті.

Тілге құрмет көрсету мақсатында өткен жиында ұстаздар құр қол қайтпады. Барлығана дерлік сыйлықтар үлестірілді. Байқауға қала, аудандар арасынан іріктеліп өткен, мемлекеттік тілді жетік меңгерген 18-35 жас аралығындағы мамандар қатысты.

Қатысушыларға кезеңдерде шектік уақыт берілді. Қазылар алқасы әр кезең бойынша үміткердің тіл тазалығына, сахнада өзін ұстау мәдениетіне, берілген тапсырмалар бойынша тақырыпты аша білуіне қарай бағалады.

Севара Ерметова нөмері 3 мектепте инфарматика пәнінің мұғалімі боп қызмет етеді екен. «Дайындығым жақсы бірақ қатты қобалжыдым. Сайыс өте жақсы деңгейде өтуде, қарсыластарымның барлығы өнерлі. Сайысқа қатысасың дегенде қуандым себебі қазақ тілі өте керемет тіл. Мектепте ұстаз болған соң бізге әркез дамып жүру керек. Ұстаздар әр кез ізденетіні анық. Алдағы уақытты жиі қатысып тұрамын деп ойлаймын. Мені бүгін қолдауға бауырым мен кішкентай қызым келді. Олардың қолдауымен әліде жеңістерге жететіне сенемін»,- дейді.

Жанкүйер Гузаль Баханова: «Мен бүгін әпкем Севараға қолдау көрсету үшін келіп отырмын. Әпкем өте еңбекқор, ізденімпаз жан. Сайысқа қатысар кезде көмек көрсеткім келді бірақ мүмкіндік болмады. Севара барлығына қатты дайындалды. Ол ерекше ұстаз, әрқашан күліп айналасына нұрын сыйлап жүреді. Оның әлі талай биіктерден көрінетініме сенемін».

Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды. Жиын соңында қатысушылар ұйымдастырушы ұжымға алғыстарын жеткізді.

**Гаухар**



## ҚАЗАҚТЫ ДАСТАРХАНЫ - БІРЛІКТІ ДӘНЕКЕРІ

Берекелі дастарханның айналасына жиналған шаһардағы этнос өкілдері мерекелі жиын өткізді. Биыл тоғызыншы рет ұйымдастырылып жатқан фестивальде қазанға ет салынып, достық шаңырағында бас қосқан 17 этностың өкілі бір-біріне құрмет көрсетті.

Ұлттың ұмыт бола бастаған тағамдарын дайындаудан өзара сайысқа түскен этнос өкілдері биыл үй жағдайында әзірлеген қазақ тағамдарынан ортақ дастархан жайып, қалың көпшіліктің назарына ұсынды. Ортақ қазанда ет асып, әр үстел басындағы қонақтарға түрлі ұлттық тағамдар мен табақ тарту арқылы қазақтың салт-дәстүрі мен дастархан мәдениетінің ежелден келе жатқан жарқын үлгісін көрсетті.

Мұндағы мақсат – этнос өкілдерін қоғамдық бастамаларға ұйыстыру арқылы мемлекет құраушы қазақ халқының маңайына топтастыру, ұлтымыздың қонақжайлық, сыйластық сынды игі дәстүрін дәріптеу.

Фестивальге Шымкент қалалық ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының басшысы, қалалық ҚХА жанындағы Ақсақалдар кеңесі, Аналар кеңесі сынды бірқатар қоғамдық құрылымдардың жетекшілері, қалалық этномәдени бірлестіктердің төрағалары, қатысып, ақ дастархан басында арқа-жарқа әңгіме құрды.

Шара барысында қалалық «Салт-дәстүр және әдет-ғұрып орталығының» маманы ұлттық салт-дәстүр мен ұлттық тағамдар туралы, әр астың тарихы, қай қонаққа берілетіні жайлы мағлұмат берді.

Айта кетейік, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» жобасы аясында қолға алынған «Қазақ дастарханы» фестивалі алғаш рет 2015 жылы Шымкент қаласында бастау алған болатын.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

## ҚОС АТЛЕТТІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДОДАДАҒЫ ЖЕІСІ



Шымкент қалалық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Маратбек Мықтыбеков Ironman Italy Emilia Romagna жарысына қатысқан Шыназбеков Артур Сәкенұлы мен Тұрысбек Айдар Жасымбекұлын қабылдады. Жарысқа қатысқан атлеттеріміз триатлон жарысы туралы ойларын ортаға салып, алдағы жоспарларымен бөлісті. Басқарма басшысы атлеттерімізге алғыс хат табыстап, әлемдік додаларда жақсы өнер көрсетуіне тілектес болды.

21 қыркүйекте Италия елінің Червия қаласында дәстүрлі Ironman Italy Emilia Romagna жарысы өтті. Италиялық «жартылай темір» қашықтықтығын бағындыруға әлемнің түкпір-түкпірінен 2500-ден астам атлеттер бақ сынады, олардың ішінде 60-қа жуық қазақстандықтар да болды. Оның ішінде Шымкент қаласының атынан екі атлетіміз жарыс жолына шықты.

Жарыстың дәстүрлі жүзу кезеңі Червия жағажайына қарама-қарсы (3,8 шақырым ара қашықтықты құрайтын) теңіз суларында, велоэтап (180 шақырым ара қашықтықты құрайтын) тұзды көлден бастау алып, Бертинор ортақлығымен таулы аймақта, ал жүгіру кезеңі Червия қаласының әдемі көшелерінен басталып, Сан Микель мұнарасына дейін (42,8 шақырым ара қашықтықта) жүгіру жолында өтті. Біздің екі әуесқой атлетіміз Ironman Italy Emilia Romagna-да жақсы нәтижелер көрсетіп, сәтті мәреге жетті.

Көрсеткіштері:
Тұрысбек Айдар - 9:41:49
Жүзу - 1:21:05
Велоэтап - 4:59:41
Жүгіру - 3:09:54
Шыназбеков Артур - 10:01:57
Жүзу - 1:10:53
Велоэтап - 4:54:04
Жүгіру - 3:46:20

Спортшыларымызға алдағы додаларда жеңіс тұғырынан көрінуге тілек білдіреміз!

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ TOUR OF SHYMKENT ВЕЛОШЕРУІ ӨТТІ

Қазақстан мен Өзбекстан елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында 2019 жылдан бері қолға алынған велошеру 2024 жылы өз жалғасын табуда. Жиынға 18 жастан асқан спортшылар мен қоса жасы үлкен велошабандоздарда қатысты. Спортшыларымыз 120 шақырымды бағындырды. Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен спорт және дене шынықтыру басқармасының ұйымдастыруымен өткен жиынға шет мемлекеттен де спортшылар қатыстып, бақ сынады. Спортшылар бар күшін салды. Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен спорт және дене шынықтыру басқармасының ұйымдастырумен өткен жиынға 150 қатысушы ниет білдірген.

Велошерудің ашылу салтанатына қала әкімінің бірінші орынбасары Қуаныш Асылов қатысып, спортшыларға жылы тілектерін білдірді.

Қатысушылар сайт арқылы тіркеліп өтініш қалдырған. Шымкент қаласынан бастау алатын велошеру Жібек жолы бекетіне дейін барады. Спортшылар бар өнерін көрсетіп мәреге жетуге асықты. Спорт денсаулық кепілі демекші. Ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты денсаулықты барынша қадағалап жақсарту. Жиын соңында салауатты өмір салтын насихаттаған спортшыларға мәре сызығында медаль берілді. Шараға келген спортшы, көрермен бұндай сайыс ендігі уақытта жиі ұйымдастырылып тұрса деген ниет білдірді.

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ - ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ



Қолөнер - халқымыздың ерте заманнан келе жатқан төл өнері. Шаһар тұрғындарына осы өнерді таныстыру мақсатында "Халық мұрасы - халық қазынасы" атты көрмежәрмеңке өтті. Шараға мегаполис шеберлерінен өзге түрлі аудандардан қолөнер шеберлері жиналып, қонақтарға ұлттық нақыштағы бұйымдарын таныстырды.

Жыл сайын өтетін аталмыш іс-шара арқылы халқымыздың салт-дәстүрі дәріптеледі. Жиынның мақсаты - іскер жандардың қолдан жасаған бұйымдарын халыққа көрсету. Өңірімізде осы салада еңбек етіп жүрген тұрғындар қол өнер бұйымдарының арқасында бүгінде өз кәсіптерін дөңгелетіп отыр. Сондай- ақ жиында тоқыма шеберлеріде өз қолымен жасаған туындыларын таныстырды. Ал дәстүрге айналған бұл қолөнер көрмесі жылдан жылға маңыздылығы артып, көпшіліктің сұранысына ие болып келеді.

Көрмені тамашалаушы тұрғындарға шеберлер қолдарынан шыққан туындыларын көрсетті. Теріден, ағаштан, қыштан, темірден, киізден, зергерлік бұйымдардың, ұлттық нақыштағы киімнен бастап, барлық үй жабдығының кең ассортименті ұсынылған жиынға халық көптеп келді. Қолөнершілер негізінен табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен көркем өнердің туындысының арқасында тұрмысқа қажетті ыдыстар мен киім-кешекке дейін тоқиды. Әр тұлғаның қолынан келе бермейтін қол өнер туындылары жоғары дәрежеге ие.

Өнерімізді жоғалтпай, әрі қарай дамыту, жас ұрпаққа дәріптеу сіз бен біздің ортақ міндетіміз дейді көрме-жәрмеңкеге қатысушылар.

Қолөнер – бұл ғасырлық тағылым, тектілік, қас шеберлік, аса талғампаздық, төзімділік және салт-дәстүріміздің қолданбалы өнерін бойына сіңірген ұлттық өнер. Әрбір қолөнер туындысы өз заманының материалдық мәдениетінің үлгісі және халық талғамының, әлеуметтік қоғамдық жағдайының, діни сенімі мен салт-дәстүрінің көрінісі.

## ШЫМКЕНТТЕ КӨКПАРДАН ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ

Көкпар - көкпар үлкенді-кішілі той-мерекенің барлығында өткізіледі. Тек қуанышты сәттерге байланысты өткізілетін ғұрыптық ойын болғандықтан, ас беру сияқты ұлы жиын кезінде көкпар тартылмайды. Көшпелілер өмірінде көкпардың мақсаты жігіттерді шынықтыру, батылдыққа, ептілік пен қажырлылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу және осы арқылы әскери өнерге баулу болған. Мұндай ойындар қатарына сайыс ойынын жатқызуға болады.

Шымкент қаласының атшабарында көкпардан жасөспірімдер арасындағы жалауын желбіреткен ел чемпионатының ресми ашылу салтанаты өтті.



Чемпионаттың ашылу салтанатына қалалық дене шынықтыру және спрот басқармасы жоғары спорт жетістіктері бөлімінің басшысы Шоқан Әбдіхалықов пен Ұлттық спорт орталығы директорының орынбасары Қарлығаш Рамазанова қатысып, барша шабандоздарға сәттілік тіледі. Сонымен қатар қала тұрғындары мен БАҚ өкілдері, сондай-ақ өңірлерден келген команда жетекшілері ашылу салтанатының куәсі болды.

Сондай-ақ, бүгінгі күннің жарыс кестесі бойынша жарыстың ашылу салтанатынан бөлек көкпардан Шымкент қаласы құрамасы мен Атырау облысы құрамасы, Ақтөбе облысы құрамасы мен ШҚО құрамасы, Жамбыл облысы құрамасы мен Қарағанды облысы құрамасы және Қостанай облысы құрамасы мен СҚО құрамасының арасында тартыс кездесулер өтетін болады.

Айта кетейік, ел чемпионатына Алматы, Шымкент қалалары мен Түркістан, Жамбыл, Қарағанды, Ұлытау, Қызылорда, Ақтөбе, БҚО, СҚО, ШҚО, Атырау, Алматы, Қостанай облыстарынан келген 170-ке жуық шабондоз қатысуда.

Өтетін орны: Алматы тас жолы, 21/24 | Атшабар (Шымкент қаласының жаңа атшабары)

11-21 қазан аралығы 2024 жыла

Көкпардан жасөпірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Екінші күннің нәтижесі:

Түркістан облысы 10:3 Алматы облысы

Ұлытау облысы 5:2 Батыс Қазақстан облысы

Шымкент қаласы 8:1 Атырау облысы

Ақтөбе облысы 10:1 Шығыс Қазақстан облысы

Жамбыл облысы 10:0 Қарағанды облысы

Қостанай облысы 3:2 Солтүстік Қазақстан облысы

## ХАБАРЛАНДЫРУ

"Түркістан БГҚ" ЖШС "Түркістан облысының Сайрам ауданында қуаты 1000 МВт БГҚ базасында электр станциясын салу" жобасы бойынша І санаттағы объектіге әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 2024 жылғы 26 қарашада сағат 10:00-де Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Карамурт а. о., Карамурт а., мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді. Zoom сілтемесі: https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Конференция идентификаторы: 6165408596, кіру коды: 123456.

Әсер ету аумағы:
42қ38'02.96"С, 69қ90'85.89"В,
42қ32'95.69"С, 69қ98'53.67"В,
42қ33'97.08"С, 69қ99'17.78"В,
42қ31'84.77"С, 70қ01'78.47"В

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган, "Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ Тел: 8725-33-5-98-49 . Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық сайт мекенжайы https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts?lang=ru сондай-ақ ресми сайт https://ecoportal.kz /. жоба бойынша құжаттама https://ecoportal.kz/ . Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: "Түркістан БГҚ" ЖШС, БСН: 110740016192, байланыс нөмірі: 8-701-674-78-78, a.jumabekova@sk-pgu.kz, заңды мекенжайы: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукент а. о., Ақсу а., Жібек жолы көшесі, 55 ғимарат. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және контактілік деректері: "Каз Гранд Эко Проект" ЖШС, тел, 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005, sholpik-@mail.ru

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ПГУ Туркестан» проводит общественные слушания по материалам для получения Разрешения на воздействие для объекта I категории по проекту «Строительство электростанции на базе ПГУ мощностью 1000 МВт в Сайрамском районе Туркестанской области. Внешнее газоснабжение». Слушания состоятся 26 ноября 2024г в 10:00 по адресу Туркестанская область, Сайрамский район, Карамуртский с.о.,с. Карамурт, Дом культуры, ссылка Zoom:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 6165408596, Код доступа: 123456

Территория воздействия:
42қ38'02.96"С, 69қ90'85.89"В,
42қ32'95.69"С, 69қ98'53.67"В,
42қ33'97.08"С, 69қ99'17.78"В,
42қ31'84.77"С, 70қ01'78.47"В

Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области » Тел: 8725-33-5-98-49. Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts?lang=ru, так же официальный сайт https://ecoportal.kz/, Документация по проекту размещена на https://ecoportal.kz/. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности:ТОО «ПГУ Туркестан»,БИН: 110740016192, контактный номер: 8-701-674-78-78, a.jumabekova@sk-pgu.kz, Юридический адрес: Туркестанская область, Сайрамский район, Аксукентский с.о., с.Аксу, улица Жибек жолы, здание 55. Наименование и кантактные данные разработчика документации: ТОО «Каз Гранд Эко Проект», тел, 8(775)3245005 город Шымкент ул.Байтурсынова 20 б. БИН 111040001588. Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik-@mail.ru

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Бастамашы «Кар logistics» ЖШС ОАТБ филиалы (мекенжайы: Созақ ауданы, Кыземшек ауылы, Танбалытас к-сі, 75. БСН 070341002123, тел. 8-702-133-8485, bektas87@inbox.ru) 02.12.2024 ж. сағ. 11:30, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент, ауыл әкімдігі ғимаратында Эммиссиялар нормативтері жобалары (РЕШН, ЖБТН) бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Орындаушы: «ЭАИМ» ЖШС, БСН 011140005355, Шымкент қ-сы, Жібек-жолы д-лы, 43, 102, info@eaim-kz.com, 87017323187

Материалдармен танысу және ұсыныстар үшін: ecoportal.kz бірің ғай эко-порталы, ТО ТРжТПРБ сайты, a.erkebai@ontustik.gov.kz. Қағаз нұсқасымен Созақ ауданы, Таукент ауылы, ОАТБ ғимаратында танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша: +77017323187.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Инициатор ЦАПБ филиал ТОО «Кар logistics» (адрес: Сузакский район, п. Кыземшек, ул.Танбалытас, 75, БИН 070341002123, тел. 8-702-133-8485, bektas87@inbox.ru) проводит 02.12.2024 г. в 11:30 по адресу ТО, Сузакский район, п. Таукент, здание акимата общественные слушания в форме открытого собрания по Проектам нормативов эмиссий (НДВ, НДС).

Исполнитель: ТОО «ЭАИМ», БИН 011140005355, г. Шымкент, пр. Жибек-жолы, 43, 102, эл.адрес: info@eaim-kz.com, +77017323187.

Для ознакомления и отпраки предложений: единый эко-портал ecoportal.kz, сайт УПРиРП ТО, a.erkebai@ontustik.gov.kz. В бумажном виде можно ознакомиться по адресу: Сузакский район, п.Таукент, здание ЦАПБ. По всем вопросам: +7 701 7323187.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Самұрық-Қазына Құрылыс» АҚ, «Түркістан облысы Сарыағаш қаласындағы Б.Оспанова көшесінде 300 орындық мектеп құрылысы» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (ecoportal.kz) 1 қараша айында колжетімді болады.

Ескертулер және ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде кабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық почтасы және почталық мекенжайы: r.malik@ontustik.gov.kz, 160023, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын аудан., көше 32.20.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Samruk-Kazyna Construction», сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел охрана окружающей среды на рабочий проект «Строительство школы на улице Б.Оспанова на 300 обучающихся в городе Сарыагаш Туркестанской области».

Проектная документация будет доступна на Едином экологическом портале (ecoportal.kz) с 1 ноября.

Замечания и предложения принимаются в течении 5 рабочих дней.

Электронный и почтовый адрес местного испольнителного органа: r.malik@ontustik.gov.kz, 160023,г.Туркестан, мкр. Новый город, улица 32,20.

# EGOV.KZ ПОРТАЛЫНЫ Е ТАЛАП ЕТІЛЕТІН СЕРВИСТЕРІ

eGov.kz порталының басты бетінде танымал қызметтер тізімінің сол жағында электрондық сервистер блогы орналасқан. Порталдың әрбір келушісі осы сервистердің қызметі туралы білмейтіндіктен, біз олардың әрқайсысы туралы тереңірек айтамыз.

1. Жеке тұлғалардың алдағы салық төлемдерін қарау және төлеу

Сервис көлік салығын төлеу сомасы туралы автоматты ақпараттандыру мақсатында әзірленген.

ҚР Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті мен ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректер базасын интеграциялаудың арқасында салық төлеушіге әрбір көлікке салық төлеу сомасын жеке есептеу қажеттілігі жоқ. Жалпы сома сервисте көрсетіледі, сондай-ақ онда төлеу үшін барлық қажетті деректер (ТМК, БСК, СОК) көрсетіледі.

Пилоттық режим аясында сервис тек Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының тұрғындарына ғана қолжетімді. Ол аяқталғаннан кейін сервис елдің барлық аумағында қолжетімді болады, сондай-ақ онда жер салығы мен жеке тұлғалардың мүлік салығы бойынша алдағы салық төлемдерін тексеру және төлеу мүмкіндігі пайда болады.

Бұған дейін бұл қызмет ҚР Мемлекеттік кірістер комитетінің бөлімшелері арқылы ғана көрсетілді.

2. Эл. портал арқылы алынған қызметтерді тексеру

Бұл порталдың ең алғашқы сервистерінің бірі. Олар eGov.kz порталынан алынған электрондық анықтамалар мен чектердің заңдылығын тексеруге және растауға мүмкіндік береді

Онда ЖСН мен анықтаманың немесе төлемнің бірегей кодын көрсету қажет. Егер олар порталдан алынса, онда сервис сұрау салудың күні мен мәртебесі туралы ақпарат береді.

3. Электрондық өтініштер

Мемлекеттік органдарға электрондық өтініштерді жіберу сервисі – порталдың ең маңызды және танымал сервистерінің бірі.

Ол мемлекеттік органдардың өкілдеріне ресми хат-сұрау жіберуге мүмкіндік береді. Жүздеген адресаттардың арасынан мемлекеттік ведомстволардың аймақтық, қалалық және аудандық филиалдарының, сондай-ақ олардың орталық аппараттарының көп бөлігін табуға болады.

Сұрауларға файлдар мен құжаттарды қоса беріп, жібергеннен кейін олардың мәртебесін қадағалауға болады. Мемлекеттік органдардың жауаптары да электрондық түрде келеді.

Сервис тегін және ЭЦҚ-мен қол қоюды талап етеді.

4.Үшінші тұлғалардың анықтамаларды алу сервисі

Бұл қызмет басқа адамға электрондық анықтама алуға ниет білдірушілерге арналған. Ол үшін олар порталда авторланып, өз сауалыңызды бір реттік смс-пароль арқылы растауы қажет.

Оның атына анықтама сұратқысы келетін адам сұрауды мақұлдау немесе қабылдамау туралы өтінішімен хабарлама алады. Мақұлданған жағдайда, үшінші тұлға анықтама алады.

Үшінші тұлғалардың алуы үшін қол жетімді анықтамалар тізбесі:

жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама;

жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтама;

соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама.

Толық қадамдық нұсқаулық сервис бетінде көрсетілген.

5. ЭЦҚ алу немесе қайта шығару

Электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу рәсімі және оның қолданылу мерзімін ұзарту туралы толық ақпаратты алуға болатын бөлімге сілтеме.

6. Жеке тұлғалардың акт жазбаларын тексеру қызметі

Қызмет азаматтарға АХАЖ барлық 7 оқиғасы (соның ішінде 2008 жылға дейін жасалған) бойынша мұрағаттық акт жазбаларын цифрлауға және өзектілігіне тексеруге мүмкіндік береді: туу, қайтыс болу, неке қию, некені бұзу, ұл/қыз асырап алу, әке болуды анықтау, ТАӘ ауыстыру.

Жоқ мәліметтерді цифрлау немесе дұрыс емес мәліметтерді түзету үшін сканерленген құжаттарды сервис арқылы жіберу жеткілікті.

Мысалы, сіздің балаңыздың туу туралы актілік жазбасын тексергенде, бала туралы деректер (тегі, аты, әкесінің аты, ұлты, туған жылы туралы деректер, анасы мен әкесі) ұсынылған бөлімдерде қате көрсетілген жазба болған жағдайда, дұрыс құжаттардың сканерленген көшірмелерін қоса бере отырып, мәліметтерді өзектілендіруге болады.

Қызмет көрсету нәтижесі АХАЖ АЖ мәліметтерін өзектендіру мәртебесі туралы ақпарат болып табылады. Қызмет тегін және оны көрсету мерзімі 1 жұмыс күнін құрайды.

7. Базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін есептеу бойынша анықтама

eGov.kz порталының басты бетінде орналасқан осы сервисті пайдалана отырып, зейнеткер жаңа базалық зейнетақы төлемін қандай мөлшерде алатыны туралы анықтама алады.

Анықтама алу үшін порталға тек ЖСН бойынша авторланып, SMS-пароль немесе ЭЦҚ көмегімен өз сұранымын растауға болады.

8. Көрсетілген алушыға мемлекеттік кепілдікті тағайындау және төлеуді жүзеге асыру фактісі туралы мәліметтерді алу

Қазақстан зейнетақы жүйесі инфляцияны ескере отырып зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік береді. Осы кепілдіктерді мемлекеттің орындау Қағидаларына сәйкес, қазақстандықтар нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, инфляция деңгейін ескере отырып міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары сомасы және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтары сомасының арасындағы айырмасының төлемін алу құқығын ала алады.

Бұл төлем бір жолғы және арнайы формулаларға сәйкес есептеледі.

Сізге кепілдік төлеу керектігін білу үшін көрсетілген сервисті пайдалануға болады.

Оң жауап болған жағдайда, өтініш беру үшін "Азаматтарға арналған үкімет" МК КЕАҚ-ның жақын бөлімшесіне жүгіну қажет.

Егер азамат бұған дейін осы төлем үшін жүгінсе немесе төлемді алуға құқығы болмаса, онда осы сервис бұл туралы хабарлайды.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Санжар-service» ЖШС, Шымкент қаласы, Қапал батыр көшесі, «Ордабасы» индустриялды аймағы, 116 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан люктерді дайындау бойынша өндірістік алаңға арналған ықтимал әсерлер туралы есеп беру жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Талқылау күні: 28.11.2024ж., сағат 15:00.

Талқылау өтетін орны: Шымкент қаласы, Қапал батыр көшесі, «Ордабасы» индустриялды аймағы, 116. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Санжар-service» ЖШС.

Онлайн конференцияға сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/82891073826?pwd=Jaye5abbJG8QqNAX1XHClwIyjNHB0B.1

Конференция идентификаторы: 828 9107 3826, Кіру коды: 6cZ30s.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы сілтеме арқылы танысуға болады: https://ecoportal.kz/ Жобаны әзірлеуші: «Tumar Construction Group» ЖШС. эл.пошта: alau-servicek@mail.ru

Байланыс тел: 8 (776) 741 70 47

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Санжар-service» объявляет о проведении общественных слушаний в виде открытого собрания по проекту отчета о возможных воздействиях для производственная площадка по изготовлению люков расположенному по адресу: г. Шымкент, ул. Капал Батыр, Индустриальная зона «Ордабасы», здание 116.

Дата обсуждения: 28.11.2024г., 15:00.

Место обсуждения: г.Шымкент, по ул. Капал Батыр, Индустриальная зона «Ордабасы», здание 116.Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Санжар-service»

Ссылка на онлайн-конференцию: https://us05web.zoom.us/j/82891073826?pwd=Jaye5abbJG8QqNAX1XHClwIyjNHB0B.1

Идентификатор конференции: 828 9107 3826, Код доступа: 6cZ30s.

С пакетом проектной документаций можно ознакомиться на Едином экологическом портале: https://ecoportal.kz/ Разработчик: ТОО «Tumar Construction Group» Адрес эл.почта: alau-servicek@mail.ru

Контактный тел:
8 (776) 741 70 47